

Таиланд Корольдігінің Сыртқы істер министрі Суракиарт Сатиратайдың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 311-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Таиланд Корольдігі арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 20-22 қазанда Алматы және Астана қалаларында Таиланд Корольдігінің Сыртқы істер министрі Суракиарт Сатиратайдың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

2004 жылғы 20-22 қазанда Алматы және Астана қалаларында Таиланд Корольдігінің Сыртқы істер министрі Суракиарт Сатиратайдың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;

сапарды өткізуге, оның ішінде Таиланд Корольдігінің ресми делегациясы мүшелерінің Алматы және Астана қалаларында қонақ үйде тұруына 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 902888 (тоғыз жүз екі мың сегіз жүз сексен сегіз) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Таиланд Корольдігінің ресми делегациясы мүшелерінің Алматы және Астана қалаларының әуежайларындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін, Таиланд Корольдігі Сыртқы істер министрінің сұхбатын және баспасөз конференциясын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

4. Алматы және Астана қалаларының әкімдері Таиланд Корольдігінің ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, Алматы және Астана қалаларының әуежайларын, көшелерін безендіру, сондай-ақ мәдени бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

N 311 өкіміне қосымша